

**Аудандық қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Мақат поселкесі

5 мамыр 2025 жыл

№3

Қатысқандар:

Е.О.Жоламанов — қоғамдық кеңес
төрағасы
М.К.Мурзагалиева — қоғамдық
кеңестің хатшысы

Қоғамдық кеңес мүшелер саны:

6 адам

Баяндамашы:

**Сарбалиева Света Ризақызы —
Мақат аудандық экономика және
қаржы бөлімінің басшысы**

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

«Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Мақат ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №16 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.

Бірінші мәселе бойынша сөз - **Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света Ризақызына берілді. (баяндама жалғанды)**

Төраға : Күн тәртібіндегі мәселені талқылауға кіріселік.
Кімде қандай сұрақтар, пікірлер болады?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Қ. Тулеуов:

«Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы » 2022 жылғы 1 ақпандағы №16 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде болып тіркелген) қандайда толықтырулар енгізілдіме?

Жауап:

Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света Ризақызы:

«Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы » 2022 жылғы 1 ақпандағы №16 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде болып тіркелген) төмендегідей толықтырулар енгізілді:

көрсетілген қаулы қосымшасының :

1- тармағы мынадай мазмұндағы 12) – тармақшасымен толықтырылсын:

«12) бухгалтер»;

2- тармағы мынадай мазмұндағы 21),22) 23) – тармақшаларымен толықтырылсын:

«21) бас бухгалтер»;

«22) бухгалтер»;

«23) мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер».

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Умбетова Руза:

Осы қаулының орындалуын бақылау кімге жүктелсін?

Жауап:

Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света

Ризақызы: Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қаржауоваға жүктелді.

Төраға : Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама аяқталды.

Қоғамдық кеңес мүшелері ұсыныстыраңыз бар ма?

Аудандық қоғамдық кеңес күн тәртібіне қойылған мәселені тындап, талқылады, талқыланған мәселе бойынша аталған шешімде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін ережелер анықталған жоқ.


Аудандық Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе қаралды. Отырыс жабық деп жариялаймын. Рақмет.

Қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысы ШЕШІМ ЕТЕДІ:

- 1) Қоғамдық кеңеске түскен ұсыным қаперге алынды.
- 2) Шешім аудан әкімшілігіне жолданды.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Қоғамдық кеңес хатшысы:



Е.Жоламанов

М.Мурзагалиева